



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ұқсастығы сонымен қатар түсті портрет жанларына қойылатын талаптарға сай етіп жасау оқу қойылымдарында көкейкесті мәселелердің бірі болып келеді. Белгілі бір мақсаттағы жарық көзінің түсуіне байланысты адам бетінің негізгі түстерін табу, түстерінің нәзіктігін жеткізе білу білімгерлерге барынша күрделі талап қояды. Сонымен қоса нұсқаның қозғалуына байланысты жұмыс барысы күрделене түседі. Кескіндемеде адам басының бейнесін салу белгілі бір программада көрсетілгендей, аудиториялық және үй тапсырмаларымен қоса сурет сабағымен тығыз байланыста жүргізіледі. Адам басының анатомиялық байланыстарын оқып-үйрену және суретін сала білу кескіндеме сабағындағы қиындықты жеңілдетеді.

Бұл жерде айта кету керек болашақ дизайнерлер яғни бірінші курста «Академиялық кескіндеме» сабағында натюрморттан бастайды. Қойылымға қарап көшіріп салуды үйренеді. Оқу практикасы (пленэрлік) кезінде табиғатты бейнелеуді үйренеді. Оған тек бір апта уақыт ғана бөлінеді. Екінші курста «Классикалық кескіндемеде» портрет салуды үйренеді. Бірақ өте аз уақыт берілетіні өте өкінішті. Кескіндеме пәні әр курста тек бір семестр ғана оқылады. Сондықтан да кескіндеменің барлық жанрын толық меңгеріп үлгермейтіні анық. Ал үшінші курста тек сәулеттік дизайн мамандығында оқитындар ғана екінші семестрде «Арнайы кескіндеме» пәнін оқиды.

Қазіргі кезде халықтың өнерге деген ынта-ықыласы анағұрлым артты. Халық шығармашылығын жаңғыртып одан әрі дамыту бүгінгі күннің көкей тесті мәселесі болып табылады. Сондықтан дизайнерлерге кескіндемені үйрену болашақта өздерінің шығармашылық дамуыларына және мамандығына тікелей қажет өнер.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Леонардо да Винчи—М.: «Издательство АСТ» Леонардо да Винчи/Гениальный художник и ученый. Издательство «Клуб семейного досуга»-143 с., 2002.с.
2. Ситник К. А. Э. Делакруа. М.-Л., 1947. По материалам из книги "Энциклопедия импрессионизма и постимпрессионизма"/ Сост. Т.Г. Петровец. - М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2000. - 320 с.: ил.
3. <http://portal.vkgu.kz>
4. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: В 4 т. - Спб., 1863-1866.
5. Любимов. Л «Батыс Еуропа өнері» - Алматы, 1982.

УДК 7. 74.01/09

ҰЛТТЫҚ НАҚЫШТАҒЫ КИІМ ҮЛГІСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА АЛАР ОРНЫ

Омархан Айым Асқарқызы

askarovna_94-94@mail.ru

Л.Н.Гумилева атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ш.М. Тусупбекова

Ұлттық нақыштағы киім үлгісінің қазіргі заманда алатын орнын анықтау. Ұлттық нақыштағы киімдерді күнделікті тұрмыстағы киім қатарына енгізу мәселелерін қарастыру.

Еліміздің өркениетті елу ел қатарына қосылу бағытындағы үлкен мәселелердің бірі – келешек ұрпақтың рухани дамуы. Біздер халқымызды өзге мемлекетке таныту үшін, әуелі өз бойымызда ұлттық сана–сезім қалыптасу керек, әрі өзіміз ұлтжанды, жанашыр қазақ болып туғанын бақыт деп санайтын сезімде болуымыз керек.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті алдыңғы елдердің қатарына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы жағдайында ұлттық мәдениетті қайта өркендетуге аса назар аударылып отыр.

Жер бетіндегі қай халық болмасын өзінің ғұрпымен, салт-дәстүрімен ерекшеленеді. Қазақ халқы–көмейінен ән тамған, бармағынан бал тамған, кең даланы еркін кезген, төрт түлік малы мыңғырған, өнерлі, батыр, бай халық. Оны кешеден бүгінге жетіп отырған мәдени мұраларымыз дәлелдейді. Сондықтан да рухани таным–түсінігімізді кемелдендіру, эстетикалық талғамымызды шыңдау үшін ғасырлар бойы жинақталған рухани игіліктерімізді танып–біліп, қажетімізге жаратуымыз керек.

«Адам көркі–шөберек» демекші, қазақ киімі–көненің көзі. Қазақ мәдениетінің жаңару кезеңінің символындай Қазақстандағы ең алғашқы қайталанбас қазақтың ұлттық киімдерін зерттейтін және тігетін, өзінің тауар маркасы бар өз бастауын 1947 жылдан алатын бірден–бір ғылыми орталық «Сымбат» сән Академиясы. Бұл сән Академиясы Қазақстан Республикасының беделін халықаралық деңгейде көтеріп, ұлттық киімдерімізді әлемге танытты [1].

Танымал кәсіпорынның бірі–1997 жылы шаңырақ көтерген «Ерке–Нұр» фирмасы. Негізгі бағыты, ұлттық киім және ұлттық киім үлгілерінің негізінде өркениет талғамына сай қазіргі заманға киім тігеді. Бұл фирманың Республика тігін индустриясында алатын орны ерекше.

Мамандардың айтуынша, ұлттық киімдерді жұрт күнделікті киетіндей тұрмыстық қажеттілікке айналдыруға болады. Ал жастар жағы олай киінуге "ыңғайсызданатындарын" айтуда.

Осы мәселені зерттеу барысында ұлттық нақыштағы киім үлгілерінің қоғамдағы алатын орны жайлы сауалнама арқылы анықтауға тырыстық. Сауалнама Астана қаласындағы «Керуен сауда үйінде» 16-55 жас аралығындағы адамдар арасында жүргізілді. Сауалнама нәтижесі төменде көрсетілген. (1 сурет)



1 сурет. Сауалнама нәтижесі.

Қазіргі кезде сәукеле, бүрмелі көйлек, камзол, шапан, бөрік сияқты қазақ халқының ұлттық киімдері тек мереке–мейрамдарда, той–думандарда киетін ерекше киім үлгілеріне айналған. Оларды күнделікті өмірде ешкім кимейді. Әйткенмен қазіргі уақытта ұлттық нақышы бар, заманға бейімделген киім түрлері шығып жатыр. Дәл осындай үлгідегі киімдерді сатумен айналысатын кәсіпкер Бақыт Құсайынқызының айтуынша, өкінішке қарай, қазақы үлгіде киім тігумен шұғылданатын дизайнерлер өте аз. "Тігіншілер аз, бізде дизайнерлер бар, зауыты бар, бірақ істете алмай отыр. Жастар келмейді, келіп біраз үйренеді де, кетіп қалады. Өте жалқау біздің қыз–ұлдарымыз деп қынжыла айтқан өз сөзінде. Сондай–ақ олар өздері талпынса, өнерлерін паш етсе", - дейді кәсіпкер.

Ұлттық стильдегі киімдерді жаңғыртуға тырысып жүрген дизайнерлер Қазақстанда да бар. Бұл ретте жас дизайнер Ая Бапани, Салтанат Баймұхамедова, Мүслім Жұмағалиевтерді, Аида Кауменова, Құралай Нұрқаділованы атауға болады. Олар әлеуметтік желіде өздерінің

жұмыстарын көпке көрсетіп, халықтың пікірлерін біліп отырады. Алайда көптеген азаматтар мұндай үлгідегі киімдердің қымбат екенін айтады. Халықтың киімге деген сұраныстарын қанағаттандыру үшін жеңіл кәсіптің тігін саласында көптеп қазіргі сәнге байланысты киімдерді шығару қажет болады.

Дәл қазір жеке фирмалардың көпшілігі жеңіл бұйымдар тігуде. Сол себептен де қыздарға арналған күнделікті киюге арналған киім жобалауын қарастырдық. Сонымен қатар өзіміздің қазақ халқының салт-дәстүрін ұмытпау үшін ою-өрнектердің талдауын жасап, оларды қыздарға арналған киімде қолдануын анықтадық.

Қазақ халқының ою-өрнек өнері байырғы ұлттық өнерлердің ішіндегі ең ежелгісі, әрі кең тараған саласы. Бұл-ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, адам жанына ләззәт сыйлайтын, эстетикалық мәні зор өнері.

Қазақтың сәндік қолданбалы ою-өрнегі жайлы сөз қозғағанда, көз алдыныңызға, әсемдік пен сұлулық әлемі еріксіз елестейді. Осы бір қасиетті сөздер өнердің қай саласы болмасын: сазгерлік, әдебиет, бейнелеу және т.б.с.с. өнердің барлық салаларына ортақ дүниелер. Қазақ халқының ежелгі замандардан-ақ қалыптасып, үнемі дамумен, жетілдірумен келе жатқан ою-өрнегі-сол сұлулық әлемінің ішіндегі ерекше бір саласы. Ою-өрнек ежелгі заманнан-ақ қалыптасқан дүние, халқымыздың тарихымен, өмірімен бірге ілгерлей дамып отырған. Ою-өрнек өнерінің дамуы барысында әрбір тарихи дәуірдің өз таңбасы бар. Ою-өрнек үлгісінде әр халықтың ерекшеліктері, халықтың келбеті айқын танылады. Халықтың географиялық ортасында әдеп-ғұрып, салт-дәстүріне байланысты, ою-өрнек үлгілері әртүрлі жағдайларда дамып, түрленіп отырады [2].

Ою-өрнек тарихы тереңде жатқан, теориясы күрделі әсем өнер. Әсем ою-үлгілерін әдімі де сәнді тігілген киімдерден көруге болады. (2,3 суреттер)



2 сурет. Киім үлгісіндегі ою-өрнектер.

Бір мәселе бағада болса, екінші мәселе-олардың аздығында. Ұлттық нақыштағы мұндай киімдерді кез-келген дүкеннен таба алмайтындығымыз белгілі. Егер ұлттық нақышта киім шығаратын тігінханалар көбейсе, онда уақыт өте келе қазақы киімдердің бағасы арзандап адамдар көбірек киетін болады.

“Айналама қараймын. Қараймын да қамығамын. Бүгін мүлдем жат ұрпақ өсіп келе жатқан дай. Ертең кешегі қазақ пен бүгінгі қазақтың арасы жер мен көктей алшақ тартып, ежелден ұлы құндылыққа бай біз ұлт ретінде өзімізді жоғалтып аламыз ба деп алаңдаймын”, -деп пікірін білдіріпті танымал актер, Халық әртісі Асанәлі Әшімов.

"Алтынның қасиеті аздығында" демекші, ұлттық киімдердің күнделікті өмірге бейімделіп, арзан, құнсыз болып кеткенін қаламайтын мамандар да бар. Қазақстанда ұлттық нақыштағы заманауи киім шығаратын фабрикалар көбейіп сауда үйлерінде қолжетімді бағамен сатылатын күнделікті киім үлгілері пайда болса халқымыз отандық өнімге бет бұрып ұлтымыздың сұлулығын насихаттайды деген ойдамын.

Басты мәселе ол өсіп келе жатқан ұрпағымыздың санасына киімнің утилитарлық қасиеттерімен қоса эстетикалық көзқарас қалыптастыратынын, ұлтын, тарихын көрсететінін үйрету. Ал сән мамандарына ұлттық нақыштағы киімдерді сәнді әрі күнделікті өмірде киюге ыңғайлы бұйымдар шығарары әбден мүмкін.

Менің түсінігімде ою–өрнек дегеніміз–дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңіл–күйдің жақсылылығы, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді. Өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген ғашықтық, құштарлық жинағы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады. Сондықтан ою–өрнек ұлттық киімдеріміздің бөлшегі болған. Ұлттық нақыштағы ою–өрнек элементтері бар жаңартылған заманауи киім үлгілері



3 сурет. Заманауи киім үлгісі.

Қазіргі таңда «Aida KaumeNOVA», «Нұр Шах», «KENJE», «Мария ханым» секілді Қазақстанда танымал Сән үйлері бар. Қазақтың шапаны мен сәукелесі Жапония, Моңғолия, Шотландия, Трансильвания, Қытай мен Филиппин елдерінің үйлену той киімдерін артқа тастап, үздік бестікте орналасты.

Қазақ дүниетанымы терең, мәдениеті бай, әрбір өнері көрнекті, көрген–түйгені мол үлгілі ұлт. Қазақ өнерінің әрбір туындысы өзгеге ұқсамайтын өзіндік ұлттық нақыштарға толы. Ұлтымыздың өнері мен болмысын көрсету қолымыздан келетіні айдай анық.

Ұлттық киімнің барша сымбаты мен ою–өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой–дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол–біздің ұлттық мәдениетіміз.

«Ағаш көркі–жапырақ, адам көркі–шүберек» деп тегін айтылмаған. Жоғарғы талап–талғамға қарай әдемі киіне білудің өзі мәдениеттіліктің бір көрінісі десек, XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында сәнді киім киген бикештерді кездестіруге болатын еді. Олардың сол кездегі іскерлер тіккен, бұл киімдердің үлгілері қазіргі шеберлерді де таңқалдырары сөзсіз. Осынау әсем туындылардағы ұлттық ою–өрнек дегеніміз бір сөзбен айтқанда–дәлдік, есеп, теңдік, теңдеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, парасаттылық,

жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңілге шабыт, шаттық ұялатады десек артық айтқандық емес. Олар адамды ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді. Демек ұлттық ою–өрнек өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген құштарлық жиынтығы. Өйткені осыншама әсем оюды ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болары айқын.

Қорыта келе айтарымыз, «Ең әдемі киім–ұлтыңның киімі», - деген ұлы дана аталарымыз. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтікінен кем болған емес. Қайта біз елдің ертеңі үшін дәріптеп үлгі тұтуымыз керек және солай етеміз де. Тігін өндірісі саласы, алма ағашы сияқты бүршік атып келуде. Қазақтың ұлттық киімдері де өзінің сипатымен, сәнімен, осындай сан ғасырлық тарихтың иісін сақтаған, бедерін жеткізген. Қазақтың ұлттық киімдеріне қарап–ақ қазақтардың қандай халық болғанын айтқызбай немесе өзін көрмей білуге болады. Ұлттық киімдеріміз ата–бабаларымыздың жауынгер, жаугер, батыр, жаужүрек халық болғанын көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Асанова С. «Сымбат, қазақтың ұлттық киімдері» Атамұра Алматы, 1995.
2. Нүрпейісов Ә.Р. «Қазақ халқының ою-өнері», 1990.
3. Энциклопедия «Қазақтың ою-өрнектері»
4. Козлова Т. В. «Основы теории проектирования костюма», Москва: Легпромбытиздат 1981 г.
5. Орлова Л. В. «Азбука моды» издательство «просвещение» 1988 г.
6. Крессли К. Как обрести свой стиль. Изд-во: АСТ, 2008.
7. Герен С., Герен Ф. Твой инструктор по стилю. Изд-во: Попурри, 2009.
8. <http://ummet.kz/makalalar/dastur-danalygy/aza-ty-ltty-kiimderi.html>
9. http://www.rusnauka.com/13_NPE_2016/Pedagogica/5_211357.doc.htm
10. <http://massaget.kz/kyizdarga/sn/40663/>
11. <https://www.nur.kz/kk/364366-kazakstandyktardy-ylttyk-nakyshtagy-kiimderdi-kiyuge-shakyrdy.html>
12. Суреттер: <http://massaget.kz/kyizdarga/sn/40663/> сайтынан алынды.

ОӘЖ 712.3/.7

РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ КЕШЕНДЕРДІ ЖОБАЛАУДАҒЫ ЭКОДИЗАЙННЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Раева Асель Хайрулловна

kussainova_999@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Сәулет Құрылыс Факультеті, Дизайн және Инженерлік графика кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – профессор Г.Т.Утешева

Қазіргі таңда адам өміріндегі сәулет пен дизайн ұғымдары толығымен өзгеріске ұшырады. Егер 20-шы ғасырда сәулет қоғамның жалпы қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталса, бүгін осындай сәулеттің қажеттігі шамалы болып қалды, себебі сәулет әр адамның жеке өміріне, отбасына және белгілі бір топ адамның қызығушылығына байланысты жүзеге асырылуы тиіс. Сәулетші мен дизайнердің алдына заманауи талаптарға сай, экологиялық және жеке адамның қажеттіліктерін қамтамасыз ететін ортаны құру талаптары қойылған. Сондықтан сәулетте бүкіл сұраныстарға жауап беретін, адамның денсаулығын нығайтатын және рухани дамуына пайда әкелетін жаңа бағыт қажет.

Қазақстан – өзінің ерекше ландшафты мен табиғаттың алуан түрлілігімен белгілі және соған байланысты денсаулықты нығайту мен демалу айырықша шарттарымен ерекшелінеді. Қайталанбас ландшафт, көркем бедер, климаттық және эмоционалдық фактор сәулетке